

Қаралды:

Қаулы № ____.

ӘБ жетекшісі:
Ж.Б.Утешова

«11» 09 2022ж

Келісемін:

Оку ісінің менгерушісі:

Г.К.Нурпиисова

«01» 09 2022ж

Бекітемін:

Мектеп директоры:

Ж.Д.Куанышева

Р.Шеф

«02» 09 2022ж



**2022-2023 оқу жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББ мектеп жаңындағы
«Қарлығаш» шағын орталығы кіші топ балаларына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің**

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Карапды:

Қаулы №

ӘБ жетекшісі:

Ж.Б.Утешова

«11» 09 2022ж

Келісемін:

Оку ісінің менгерушісі:

Г.К.Нурпиисова

«11» 09 2022ж

Бекітемін:

Мектеп директо

Ж.Д.Куанышеве

«11» 09 2022ж

**2022-2023 оку жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары және мекте
тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы негізінде Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББ мектеп жа
«Қарлығаш» шағын орталығы кіші топ балаларына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің**

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Жоспардың құрылу : қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы

Дағылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (онға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау;</p> <p>Негізгі қимылдар: педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шенбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды өзгерте отырып жүру.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындаі алады.</p> <p>Спорттық жаттығулар: велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;</p>
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. айналасындағы адамдардың сөзін есту және тындау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажыратса білуді;</p> <p>Сөздік қор. Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту;</p>
	Көркем әдебиет	Ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу ic-әрекетін дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	әрекеттердің дамуын қадағалауға;
		Сурет салу	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;
		Мүсіндеу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; Сурет салу техникасын жетілдіру;
		Жапсыру	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру; фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру.

Жоспардың күрылу : Казан айы, 2022-2023 оқу жылы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою;</p> <p>Негізгі қимылдар: бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шенбер бойынша, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін), шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру, журуден жүгіруге және керісінше ауысу;</p>
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды;</p> <p>Сөздік қор. қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және біртебірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұраптарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта</p>
	Көркем әдебиет	Тақпақтардың интонациясын қабылдауды; Кейіпкерлердің пайда болуын, олардың өзара әрекеттерін қадағалауға;

	Кұрастыру	Күріліс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; Күріліс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, үй, машина, жиһаздар құрылышының жетіспейтін бөліктерін таба білу біліктерін қалыптастыру.
	Музыка (аптасына 1 рет)	Музыка тыңдау: музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көнілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; Ән айту: ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ыргагына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылышың дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;
Әлеуметтік- эмонациалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен тәнестыру	– баланың жеке тұлғасын ашу: өзінің қадір-қасиетін сезінуге, басқаларға құрметпен қарауға және өз отбасына қатыстылығын тәрбиелеу; – құрдастарымен және ересектермен өзара іс-қимыл жасауға, бірлескен ойындарға қатысу үшін жағдай жасау;

Танымдык және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;</p> <p>Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз-қол" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p>
Балаардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет салу	<p>Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және түйікталған дөңгелек сыйықтарды жүргізуі, осы әрекеттерді ырғакты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, тұтін), парапеттіңде бейнені орналастыру;</p> <p>Балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу.</p>
	Мүсіндеу	Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу.
	Жапсыру	Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру
	Кұрастыру	<p>Материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр);</p> <p>Кірпіштерді көлденеңінен орналастыру, кірпіштерді бірінің үстіне бірін қою, текшелерді кірпіштермен үйлестіру – үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай,</p>

		көпір, тәбешік;
	Музыка (аптасына 1 рет)	Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінің және ырғакты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.
Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Коршаған ортамен тәнистыру	– бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау;

Карады:

Қаулы №

ӘБ жетекшісі:

Ж.Б.Утешова

Ж.Б.Утешова

«14» 10 2022ж

Келісемін:

Оку ісінің менгерушісі:

Г.К.Нурписова

Нұр

«14» 10 2022ж

Бекітемін:

Мектеп директоры:

Ж.Д.Куанышева

Ж.Д.Куанышева

«14» 10 2022ж

2022-2023 оқу жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББ мектеп жаңындағы
«Қарлығаш» шағын орталығы кіші топ балаларына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары.**

Түсінік хат

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді [1]. Аталған Модельді іске асыру асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталған.

Моделді іске асыру шенберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) [2], Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) [4] мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене ышынықтыру ;
- 2) сөйлеуді дамыту;

- 3) көркем әдебиет;
- 4) сенсорика;
- 5) құрастыру;
- 6) қоршаған ортамен таныстыру;
- 7) сурет салу;
- 8) мұсіндеу;
- 9) жапсыру;
- 10) музика.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекеттер берілді.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

«Музика» ұйымдастырылған іс-әрекеті кіші топта аптасына бір рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Қалған ұйымдастырылған іс- әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы балабақша атауы: Т.Г.Шевченко атындағы ЖОБМ жанындағы «Қарлығаш» шо

Топ: «Балапан» қіші тобы

Балалардың жасы: 2- жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): Қазан айы, 2022-2023 оқу жылы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<p>Негізгі қимылдар: Жұру. Қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, аяқтың ұшымен жұру. Жүгіру. Бір қалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру. Домалату, лақтыру. Екі қолмен бастапқы қалыпта 0,5-метр арақашықтықтағы нысанана (жоғары) лақтыру; Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары көтеру. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Алға және екі жаққа еңкеу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Орнында журу.</p> <p>Қимылды ойындар: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл ойындар ойнауға ынталандыру.</p>

<p style="writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">Танымдык дағыларды дамыту</p> <p style="writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">Және зияткерлік Коммуникативтік дағыларды дамыту</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: оыйншық, киім, аяқиім атауларын атау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әнгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тындауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Оқып беруді оыйншықтарды, суреттерді басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу.</p>
	<p>Сенсорика</p>	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау. Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлышық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p>

**Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-
әрекетін дамыту**

Сурет салу	<p>Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу.</p>
Мүсіндеу	<p>Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
Жапсыру	<p>Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.</p>
Күрастыру	<p>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылым материалдарымен (текшелер, кірпіштер), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру.</p>
Музыка (аптасына 1 рет)	<p>Музыка тындау. Музыканы тындауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы тындау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту. Музыкалық-ырғактық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен қол ұстасып жүру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру.</p>

Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен танистырыу	<p>Бала, оның отбасы, үйі: «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.</p> <p>Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.</p> <p>Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p>
--	--------------------------------	--

Жоспардың күрүлүү кезеңі : караша айы, 2022-2023 оку жылы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шыныктыру (алтасына 3 рет)	<p>Негізгі кимылдар: Жүру. бір-бірінің колдарынан ұстап журу. Тепе-тендік сактау жаттыгулары. Гимнастикалық скамейканың үстімен журу.</p>	<p>Жүгіру. Бір қалыпта аятын ұшымен жүгіру. Еңбектеу, өрмелеву. Келбей тақтайдың бойымен еңбектеу. Домалату, лактыру. Екі колмен бастапқы калыпта 0,5-1,5 метр аракашылтықтағы нысанана (төмен) лактыру; Секіру. Алға карай ұмтыла кос аяқлен затка дейін (10-15 сантиметр) секіру;</p> <p>Жалпы дамытушы жаттыгулар: Колдың білектерін, иық белдеуінің бұлышық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттыгулар. Колды екі жакқа көтеру. Арқаның бұлышық еттерін және омыртканың иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттыгулар. Жанында тұрған (отырған) адамға колындағы заттарды беріп, онға-солға бұрылу. Іштің және аяқтың бұлышық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттыгулар. Бастаның калыпта тұрып, сол (он) аятын тізесін (заттан ұстап) бугу.</p> <p>Кимылды ойындар: Балаларды ересектермен бірге кимылдары жөніл, мазмұны карапайым кимылды ойындар ойнауда ынталандыру.</p>

<p>Коммуникативтік дәғдүларды дамыту</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Ыңдыс, жиһаз атауларын атаяу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу. Негұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді?) сұраптарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.</p>
<p>Танымдық және зияткерлік дәғдүларды дамыту</p>	<p>Сенсорика</p>	<p>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуralарды түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру.</p>

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. Берілген бағытта шеңбер бойымен жүру.</p> <p>Тепе-тендік сақтау жаттығулары. заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға): тұру, тұсу.</p> <p>Жүгіру. Белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелдеу. Доғаның астынан еңбектеу.</p> <p>Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанана (төмен, жоғары) лақтыру;</p> <p>Секіру. 10-15 сантиметр биіктікten секіруге,</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар:</p> <p>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсында айқастыру.</p> <p>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұгу және жазу.</p> <p>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып тартылу.</p> <p>Қимылды ойындар:</p> <p>Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру) жетілдіру.</p>

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау дұрыс отыру, қағазды умаждау, қаламды тарсылатпау, жұмысты ұқыпты аяқтау. Дөңгелек сзықтарды бейнелеу.
	Мүсіндеу	Сазбалшықты, ермексазды дұрыс қолдануды жетілдіру.
	Жапсыру	Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (бұктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) уйрету.
	Құрастыру	Қарапайым құрылышты ұлғі бойынша, ересектің көмегімен құрастыру.
	Музыка (аптасына 1 рет)	<p>Музыка тындау. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау.</p> <p>Ән айту. Жекелеген сөздер мен буындарды айтуда.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен шенбер бойынша қол ұстасып жүргізу және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын орындау: Шапалақтау және аяқты тарсылату.</p>
	Коршаган ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің есімін және жасын атап.</p> <p>Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу) белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу.</p> <p>Табиғат әлемі. Коршаган ортадағы өсімдіктермен таныстыру.</p>

Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, анық айтылуына назар аудару.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын:</p> <p>Көгөніс пен жеміс атауларын атау.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөз тіркестерін қура (сын есім + зат есім) білуге</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Күрделі сұрақтарға (Неге әкелді? Қашан әкелді?) жауап беріп, өз ойын айтуға үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.</p> <p>Балаларды ертегілерді тындауға үйрету.</p>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	<p>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуналарды, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру.</p> <p>Түрлі көлемдегі геометриялық фигуналарды негізгі түсі, бойынша салыстыру және ірітеуді жетілдіру.</p>
	Сурет салу	Дөңгелек және толқын тәрізді сзықтарды бейнелеу.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алушы үйрету. Қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бүйымды тұғырга орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға үйрету.
	Құрастыру	Қарапайым құрылышты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру.
	Музыка (аптасына 1 рет)	Музыка тындау.

		<p>Эннің мағынасын түсіну, қоныраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажыратады.</p> <p>Ән айту. Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айтады.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын орындау: Денені онға, солға бұру, басты онға, солға ию, қолдарды сермеудүйінде.</p>
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруды	Коршаган ортамен таныстыруды	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атауды.</p> <p>Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (бұрау, ашу) белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауда баулу.</p> <p>Табиғат әлемі. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанак, қияр, картоп) ажыратады.</p>

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2022-2023 оқу жылы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	<p>Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)</p>	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Шағын топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Тепе-тендік сақтау жаттығулары. заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға): қолдарын жоғары көтеру. Жүгіру. Әртүрлі қарқынмен заттардың рарсымен жүгіру. Еңбектеу, өрмелеву. Гимнастикалық скамейканың астынан еңбектеу. Домалату, лақтыру. Отырып доптарды домалату. Секіру. Еденде жатқан секіргіштен аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды қеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Аяқтың өкшесін алға қою. Қимылды ойындар: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (лақтыру) жетілдіру. Спорттық ойындар: Шанмен сырғанау. Шанаға отырып, төбешіктен сырғанау.</p>

Балалардың шығармашылық дарындарының зерттеу іс-әрекетін дамыту	Танымдық және зияткерлік дарындарды дамыту	Сейлеуді дамыту	Сейлеудің дыбыстық мәдениеті. Сейлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Үй жануарлары мен олардың төлдерін атау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сейлеу. Педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою «Бұл кім (не)?».
		Көркем әдебиет	Оқып беруді үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шыгарманы тындау.
Балалардың шығармашылық дарындарының зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сенсорика	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуralарды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру.
		Сурет салу	Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту.
		Мүсіндеу	Кесектерді біртұтас етіп біріктіру, (сазбалышықты өздігінен илеу) үйрету. қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
		Жапсыру	Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға үйрету.
		Құрастыру	Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылымын масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтармен ойнауға мүмкіндік беру.

Жоспардың құрылу кезеңі : ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	<p>Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)</p>	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Тепе-тендік сақтау жаттығулары. заттарға шығу (Жұмсақ модульге): тұру, тұсу. Жүгіру. Әртүрлі қарқынмен заттардың арсымен бірінің соңынан бірі бүкіл топпен жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Арқаның астынан нысанана дейін төрттағандап (алақанымен) еңбектеу.</p> <p>Домалату, лактыру. Отрып және тұрып доптарды домалату. Секіру. Еденде жатқан лентадан аттап секіруге үрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлышық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; оларды бүгіп жазу. Арқаның бұлышық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Іштің және аяқтың бұлышық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Аяқтың бақайларын қимылдату (отрып) Қимылды ойындар: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отрып, негізгі қимылдарды (домалату) жетілдіру. Спорттық ойындар: Шанмен сырғанау. Шананы жібінен сүретуге. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.</p>

	Музыка (аптасына 1 рет)	Музыка тыңдау. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту. Әнді жеке және топпен айтуда. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Жүрелеп отыру, аяқтрын қозғау, айналу.
Элеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен тәнестыру	Бала, оның отбасы, үйі: Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, қуыршақты жатқызу) орындауға баулу. Табиғат әлемі. Сыртқы белгілері бойынша жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.

<p>Танымдық және Коммуникативтік дағдыларды дамыту</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Заттардың түсін, пішінін білдіретін сын есімдермен байту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөз тіркестерін құра білуге зат есім +етістіксөздердің дұрыс айтылуы. Байланыстырып сөйлеу. Педаготің өтініші бойынша суреттен тауып, сұрақ қою «Бұл кім (не)?», «Не істеді?».</p>
<p>Танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту</p>	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуна мүмкіндік беру.</p>
	<p>Сенсорика</p>	<p>Түрлі көлемдегі геометриялық фигуralарды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p>
<p>Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс- әрекетін дамыту</p>	<p>Сурет салу</p>	<p>Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.</p>
	<p>Мұсіндеу</p>	<p>Қарапайым және құрделі пішінді заттарды мұсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: Кесені, мұсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, терендету, кесектерді біріктіру. қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.</p>
	<p>Жапсыру</p>	<p>Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p>

	Кұрастыру	Табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолдануға мүмкіндік беру.
	Музыка (аптасына 1 рет)	<p>Музыка тындау. Фортепианоның дыбысталуын ажырата білу.</p> <p>Ән айту. Әуенде интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналуа.</p>
Әлеуметтік- эмпионалды дағдыларды қалыптастыру	Коршаған ортамен тәнестыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау.</p> <p>Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (машинаны итеру, допты домалату) орындауға баулу.</p> <p>Табиғат әлемі. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.</p>

Жоспардың құрылу кезеңі : наурыз айы, 2022-2023 оқу жылы

Дағылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Шағын топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап жүру. Тепе-тендік сақтау жаттығулары. заттарға шығу (Жұмсақ модульге): қолдарын жоғары көтеру. Жүгіру. Бағытты өзгертіп 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру. Еңбектеу, өрмелеву. Арқаның астынан нысанага дейін төрттағандап (тіземен тіреп) еңбектеу. Домалату, лақтыру. Отрып және тұрып тұрлі заттардың астынан 0,5-метр арақашықтықта доптарды домалату. Секіру: (Қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлышық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; қолды шапалақтау. Арқаның бұлышық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Тізерлеп тұрып өкшеге отыру. Іштің және аяқтың бұлышық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Таңыштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып тартылу. Қимылды ойындар: Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру). Спорттық ойындар: Шаммен сырғанау. Ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.</p>

<p>Коммуникативтік дагдыларды дамыту</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудару. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Қарама –қарсы мәндес әрекеттерді (ашу –жабу, кио-шешу, алу-салу) Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеру. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау.</p>
<p>Танымдық және зияткерлік дагдыларды дамыту</p>	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару.</p>
<p>Балалардың шығармашылық дагдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</p>	<p>Сенсорика</p>	<p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.</p>
	<p>Сурет салу</p>	<p>Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау.</p>
	<p>Мұсіндеу</p>	<p>Қарапайым және құрделі пішінді заттарды мұсіндеудің техникалық дагдыларын қалыптастыру: Табақты мұсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, терендету, кесекстерді біріктіру. қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.</p>

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	<p>Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)</p>	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап жүру. Тепе-тендік сақтау жаттығулары. Заттардан (біктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту. Жүгіру. Бағытты өзгертіп шашырап 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру. Еңбектеу, өрмелеву. Биiktігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеву. Домалату, лақтыру. Отрып және тұрып түрлі заттардың астынан 1,5-метр арақашықтықта доптарды домалату. Секіру: (Қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлышық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; қолдарды алға-артқа сермеу. Арқаның бұлышық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Тізерлеп тұрып өкшеге отыру және тұру. Іштің және аяқтың бұлышық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Орнында жүру. 1.Бастапқы қалыпта тұрып, сол (он) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұгу. Қимылды ойындар: Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (аю сияқты қорбаңдап журу).</p>

	Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигуналарды орналастыру.
	Құрастыру	Түрғызылған қарапайым құрылыштарды атап, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.
	Музыка (аптасына 1 рет)	<p>Музыка тыңдау. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), дыбыстарымен таныстыру</p> <p>Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімдеу.</p> <p>Музыкалық-ыргактық қимылдар. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубен, сылдырмақпен) орындау дағдысын дамыту.</p>
Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үй: Ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.</p> <p>Заттық әлем. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету.</p> <p>Табиғат әлемі. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота) оларды ажырату және атап, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу.</p>

		Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыс аппаратын дамыту. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімдерді зат есімінің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту ·	Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін тындауға үйрету.
	Танымдық зияткерлік дағдыларды	Сенсорика	Заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
Балалардың шыгармашылық дағдыларын, және зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет салу	Суреттің қарапайым элементтері ретінде тік сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.	
	Мүсіндеу	Тостағанды мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру. қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.	
	Жапсыру	Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.	
	Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау.	
	Музыка (аптасына 1 рет)	Музыка тындау. Балаларды кейбір музикалық аспаптардың оның ішінде қазақ халқының	

		<p>ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Әннің қайталанатын сөздерін, музикалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p>Музикалық-ырғактық қимылдар.</p> <p>Қимылдарды музикалық аспаптармен (маракаспен) орындау дағдысын дамыту.</p>
Әлемегтік- эмоционалды дағдыларды кальптастыру	Коршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі:</p> <p>Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атауды қайталау.</p> <p>Заттық әлем.</p> <p>Заттық-бағдарлық әрекеттерді белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (пирамиданы жинау және бөлшектеу) орындауға баулу.</p> <p>Табиғат әлемі.</p> <p>Андармен (аю, қасқыр, қоян) оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу.</p>

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Шағын топпен ирелектелген лентаның бойымен жүру. Тепе-тендік сақтау жаттығулары. Тақтайдың ұстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан кедергілерден (ленталардан)аттап жүру Жүгіру. Жүруден жүгіруге көрініше аудысу. Еңбектеу, өрмелдеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелдеу. Домалату, лақтыру. Доптарды бір –біріне домалату. Секіру: Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлышық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; саусактарды бұгу және ашу. Арқаның бұлышық еттерін және омыртқаның ілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрган (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, онға-солға бұрылу. Іштің және аяқтың бұлышық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (он) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұгу. Қимылды ойындар: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Велосипедтен ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсу.</p>

<p>Коммуникативтік дағдыларды дамыту.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Балалардың сөздік қорын: Заттардың көлемін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дүрыс айтылуы.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қымылдарын) қайталап ойнату.</p>
<p>Танымдық және зияткерлік</p> <p>дағдыларды</p> <p>пәннелік</p>	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарастыру.</p>
<p>Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс- әрекетін дамыту</p>	<p>Сенсорика</p>	<p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.</p>
	<p>Сурет салу</p>	<p>Суреттің қарапайым элементтері ретінде түйікталған дөңгелек сзықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.</p>
	<p>Мұсіндеу</p>	<p>Куыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік) мұсіндеу, заттардың үқастықтарын табу. қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бүйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауга үйрету.</p>

	Жапсыру	Фланелеграфта доптарды, шарларды орналастыру.
	Күрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыш материалдарымен (үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
	Музыка (аптасына 1 рет)	<p>Музыка тындау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Ән айту. Жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету.</p>
Әлеуметтік-эмоционалды даралыптарды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.</p> <p>Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу</p> <p>Табиғат әлемі. Құстармен таныстыру үй құстарын (тауық, қаз, үйрек)оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу</p>

Бекітемін:

Мектеп директоры:



Куанышева Ж.Д.

Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББ мектеп жанындағы «Қарлығаш»

шағын орталығының күн тәртібі 2022-2023 оқу жылы.

2 жас

1	Таңертенгілік қабылдау, тексеріп-қаруа, ойындар, таңертенгі жаттығу.	08:30-09:30
2	Ойындар, ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.	09:30-10:00
3	Ұйымдастырылған іс-әрекет (үзілістерді қоса алғанда)	10:00-10:30
4	Серуенге дайындық	10:35-10:50
5	Серуендеу	10:50-11:30
6	Серуеннен оралу	11:30-11:40
7	Өз бетінше жұмыстар, ойындар	11:40-12:20
8	Балалардың үйге қайтуы.	12:20-12:30

Тәрбиеші: Бекенова Е.А.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы балабақша атауы: Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББМ жанындағы «Қарлығаш» шо

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2- жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жұру. Қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, аяқтың ұшымен жұру.</p> <p>Тепе-тәндік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сзықтармен шектелген (ени 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен жұру.</p> <p>Жүгіру. Бір қалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың бойымен еңбектеу.</p> <p>Домалату, лақтыру. Екі қолмен бастапқы қалыпта 0,5-метр арақашықтықтағы нысанана (жоғары) лақтыру;</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар:</p> <p>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары көтеру.</p> <p>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Алға және екі жаққа еңкею.</p> <p>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Орнында жұру.</p>

		<p>Қымылды ойындар: Балаларды ересектермен бірге қымылдары женіл ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отыру.</p>
Танымдық зияткерлік дамыту	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуда үйрету.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: оыйншық, киім, аяқиім атауларын атау.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен байланыстыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тындауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Оқып беруді ойнаныштарды, суреттерді басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу.</p>
Және дағыларды	Сенсорика	<p>Заттар мен құралдарды қолдану дағыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау.</p> <p>Қымылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлышық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p>

Сурет салу	-Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; -сурет салу техникасын жетілдіру; -түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сыйықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, тұтін), парақ бетінде бейнені орналастыру; -балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу.
Мұсіндеу	-Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; - сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; - техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мұсіндеу.
Жапсыру	-Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. -фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру; -фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру.
Музыка	-Музыка тындауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тындау ережесін сақтауды қалыптастыру; -әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тындау, бұл әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; -жаңа әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тындау. Ән айтуда: